

### Өзіміздің сайыпқыран... сатқындар

Америкада естіген, анекдот кейіпті, шынайы бір оқиға. Әлдебір ғұзырлы шенеунік әлденеден айрықша кінәлі болып қалады. Партия, топ ішіндегі жиын, қатаң талқы. Күнәкардың тағдыры теріске айналып бара жатыр. Дәп осы кезде жетекші тұлғалардың бірі: «Ол, әрине, сыболыш, бірақ өзіміздің сыболыш қой!..» депті. Міне, табылған сөз. Қайткенде өзіміздің сұмырай. Жеңілдікпен, түсініспен қарайық...

Партия болмайық, топ болмайық, біздің де өз кісілеріміз бар. Қазақты айтам. Бірақ қандай күнәкар шықпасын, біз бұл пенделерімізге шаң жуытқымыз келмейді.

Мәселен...

Осыдан біршама бұрын біз «Халық үні» сайтына екі жарым сағатқа тақау, кең көлемді сұхбат берген едік. Негізінен, талай айтылған, жазылған сөздердің біразының жинақталып, қайыра көрініс табуы. Таң қаларлық жағдай, жұртшылық жапырлай қабылдады. Бейресми деректер бойынша, бұрнада болмаған жағдай, тура жарты миллионнан астам көрермен назар аударыпты. Мақұлдаушы көп, қостамаған ағайындар саны да мол сияқты. Осы ретте, бізді кінәлаған қырыс әңгіме – ұлт сатқындарына қатысты азғана лепесіміздің төңірегінен табылады. Жасыратыны жоқ, Тұрар Рысқұлов пен Сәкен Сейфуллин турасында. Нақтылап айтқанда, олардың туған халқы, яғни қазақ болашағына қатысты қылмысты істері. Иә, ұлттық сатқындық.

Бүгінде сыртқа шығып кеткен сұмдық деректер.

Тұрар Рысқұловтан басталық. Кезінде Мұстафа Шоқай шаласауат балшабек, Сталиннің фавориті, яғни қамқор, қолдауындағы адам деп бағалаған, көрнекті тұлға. Ресей федерациясында вице-премьер болған. Ол заманда, кейін де ешбір қазақ жетпеген, аса ірі мансап. Күні бүгінге дейін осыған мас болып жүрміз. Мейлі. Мәселе, мұндай үлкен қызметін қалай, қандай тұрғыда пайдалануында. Төтесінен айтқанда, қазаққа қаншалық септесін жасады. Болашақта ашылмағы тұрыпты, бүгінгі күні мағлұм болған теріс істерінің өзін санап тауысу қиын. Соның бір-екеуін ғана шет жағалап айттық. Жаңалық емес, жалпыға белгілі жағдаят.

Бұл Т.Рысқұлов, – ұлт мәселесінде жанашыр, Ә.Бөкейханов бастап, А.Байтұрсынов, Ә.Ермековтар қостаған ұлт қайраткерлерімен ақылдас кеңестен соң, қазақ халқының тарихи ата-мекен жерлерін жаңа құрылып жатқан автономиялық республика иелігіне кесіп берген Ленин дүниеден өте салысымен, 1924 жылдың көктемінде, – бұрнағы бар өкімінен айрылса да, бедел-атағы жоғары, қайткенде ел тірегі болып отырған бүткіл алаш арыстарының үстінен Сталин атына арнайы донос түсірген. Жалалы айыптау. Бір емес, екі мәрте қатарынан. Ежелден ұлтшыл болған, ендігіде қауіп-қатер, қайткенде, Бөкейхановы бар, Байтұрсыновы бар, Мағжан мен

Аймауытов тіркелген ұзақ тізіммен, осылардың бәрінің көзін құрту керек деген тұрғыда. Бұдан артық қандай қылмыс, қандай сұмдық болуы мүмкін.

Тұрар Рысқұловтың соңын ала, осы 1924 жылдың жазына қарай, халық жауларын әшкерелеу науқанына енді Сәкен Сейфуллин де белсене кіріседі. Жығылған үстіне жұдырық. Жалалы ғарыз. Мұнымен де тоқтамаған. Арада бірер жыл өтер-өтпесте «Тар жол, тайғақ кешу» дейтін мемуарлық, деректі роман жазып, алаш тұлғаларын жаппай айыпты қылып, көп алдына шығарады. Атаулы ірілер ғана емес, оларға тілектес болуы мүмкін, әлдеқалай артық-ауыс сөз айтқан, тіпті, ұлтшылдардың әлдебір жиын, кеңесінде бой көрсеткен тағы қаншама боздақ.

Арада тым көп ұзамай, Рысқұловтың әшкересіндегі, Сейфуллиннің тізіміндегі үлкенді-кішілі азаматтардың барлығы да тұтқындалды, атылды, аласталды, айдаудан аман шыққандары 1937 жылы, Ахаң мен Мағжан бастап, түгел құртылды.

Бірақ сол кездегі шынайы балшабектерге бүгінгі, санасыз деп айтпайын, қайткенде бүйрегі бұрыс солқылдақ жұрттың айызы қанбай қалыпты. Шоқ-шоқ деп ұрандай алмайды, бірақ әлгі екеу және басқа да ұлт дұшпандарын мүлде ақтап алуға бейім.

Тұрар Рысқұлов атылып кетті, Сәкен де атылды, сондықтан кінәсіз, деседі. Қазақтың өткен тарихындағы ең әйдік жендет Голощекин де атылған. Яғни, ол да кінә-қылмыс атаулыдан тыс тұрмақ. Ең үлкен дәлел – Тұрар Рысқұлов пен Сәкен Сейфуллин қатарлы алып тұлғалар туралы көлеңкелі сөз айтылмауға тиіс екен. Бұлар былғаныш донос түсіріп, көздерін құрту керек деп жазбаса да, совет өкіметі аман тұрғанда, партия басы Бөкейхановың да, ғалым, ақын Байтұрсынов пен Мағжан, тағы жүз сан ұлт қайраткерлері бәрібір атылады екен. Яғни, біздің сыбылшы, кешіріңіз, жандайшаптарда жазық жоқ. Және аққа шығаруға мүмкін қаншама кілтпан бар. Мансап, атаққа таласқан. Өздерін қорғауға мәжбүр болған. Мінездері сыйыспаған. Түйіп айтқанда, күнә емес, пендешілік қана. Керек десеңіз, бұл екеуінің ешқандай кінәсі жоқ. Айып арқалатам деу – құр далбаса. Ондай арыз-ғұрыз, жала-пәле болмаған. Бәрі де кейінгі қырыс біреулердің ойлап тапқан өтірігі. Бұлар судан таза, сүттен ақ. Ал аналар кім, Тұрар мен Сәкеннің қасында. Осының бәрін жиып қойғанда, ең басты аргумент тұр – ұлттың ұлы тұлғаларын біріне бірін қарсы қоймау керек. Халқымыздың тұтастығы үшін... Өтті, кетті, уақыт солай болды. Қазір басқа заман...

Иә, басқа заман. Сондықтан да, үстінен қаншама донос түссе де, баспасөз бетінде, интернетте қаншама әшкереленсе де, Мұхтар Мағауин әлі күнге атылған жоқ, тым құрса, түрмеге отырмады. Міне, осындай темір логика.

Ғажайыбы – біздің аман-есен жүруіміз емес. Кешегі қызыл белсенділердің қазаққа қарсы, адамзатқа қайшы советтік идеологиясының сарқыншағы әлі де санадан өшпеуі. Әйтпесе, ұлт сатқындарын ақтаудың қандай себебі табылыпты?

Айнымас ақиқат бар. Өнбейтін дау болады. Көпе-көрнеу шындықты мойындамау, қараны ақ деп дәріптеу ешқашан әлденендей нәтиже бермек емес.

Сөз арасында айта кетер бір жағдаят, Тұрар Рысқұлов пен Сәкен Сейфуллинге жала жапқан, одан да сұмдығы – ұлт бірлігіне көлеңке түсірер оғаш сөздеріміз қаншама ашу-ыза туғызса да, бізді сырттай айыптаумен шектелді. Бірақ ақыр соңы бұл емес екен. Бізбен сұхбат өткерген жас журналист Ая Өміртай «қысқартуға түсіп», жұмыстан қуылды. Негізгі себеп – ұлттың ұлы тұлғаларына көлеңке түсірген кілтпанда емес, нақты дерегіміз бойынша, Сағат Әшімбаевқа қатысты бір ауыз сөз. Әдебиетке кездейсоқ келген, талғамсыз, дарынсыз сыншы деген тұрғыдағы. Дәп солай. Кезінде баспасөзде дабылдап, ақыры кітаптарында басылған: «Ерінбеген етікші болады екен, ең аяғы Мұхтар Мағауин да роман жазды» дейтін түйінді лепесін елемейік, ал сол заманда қағажу көріп жүрген Мұқағали Мақатаевты ақын емес деп жариялаған атаулы мақаласын қайтеміз? Қисық ауыздан шыққан пікір еркіндігі ме, әлде таным, талғамнан аулақ топастық па? Қайткенде, жоғарғы жақта отырған ғұзырлы бір кісінің шамына тиіпті. Тәрізі, бұл мәселеге қайтып оралу керек сияқты. Біз үшін соншама мәнді болмаса да, пікір еркіндігі үшін емес, жас журналист қызымыздың жазықсыз қудаланғаны үшін. Әзірше, осы орайдағы сөзіміз тәмам. Ең бастысы – Алаш тағдыры, сол Алаштың ұлы тұлғаларына қарсы жүргізілген былғаныш науқанның шөмшегін жинап, от тұтатқан ұлт сатқындары туралы еді ғой.

Ол анық. Алаш арыстарының қазақ халқының алдындағы ерен қызметі мәңгі-бақи ең биік тұғырда. Сондай-ақ, ұлтқа қарсы қандай да көлеңкелі әрекет ақыр түбінде қара тақтаға жазылуы күмәнсіз.

Кемер, Түркия,  
25.VII.2024